

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы "2024-2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 276/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қаңтардағы № 5/1 қаулысы

Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы "2024-2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" №276/2 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Байханов

Павлодар облысы әкімдігінің

2024 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2024 жылғы "20" қарашадағы

№ 276/2 қаулысына

қосымша

2024-2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--	--	--

№	Кадрларды даярлау бағытының коды мен топтастырылуы	Кадрларды даярлау бойынша клиникалық мамандықтар атауы	Оқыту нысандары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар, гранттар саны)	Бір оқушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	B033 Дінтану мамандарын даярлау	Теология	2	1055900
2	B033 Дінтану мамандарын даярлау	Исламтану	3	1055900
3	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Неонатология	1	1 811 300
4	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	3	1 811 300
6	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Педиатрия	1	1 811 300
8	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Радиология	10	1 811 300
9	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Физикалық медицина және оңалту ересектердің, балалардың	8	1 811 300
10	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың	2	1 811 300
13	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Клиникалық зертханалық диагностика	1	1 811 300
15	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Психиатрия ересектердің, балалардың	3	1 811 300
18	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің, балалардың	5	1 811 300
19	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	Жалпы хирургия	1	1 811 300
Барлығы:			40	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК